



**Мемлекеттік тілде іс қағаздарын
жүргізу**

Хабарландыру

Орындаған: Кульманова М.Н.

I. Сабақтың мақсаты:

**Хабарландыру туралы
мәлімет беру;**

**Хабарландыру
үлгілерімен
таныстыру;**

**Хабарландырудың
басқа құжаттардан
ерекшеліктерін
түсіндіру;**

II. Сабақтың міндеті:

**Хабарландыру
түрлерін үйрету;**

**Хабарландыруды
басқа құжаттардан
ажырата білуге
үйрету;**

**Хабарландыру жаза
білуге
үйрету;**



Хабарландыру үлгілерімен танысыңыздар.

1) Бос қызмет орны туралы хабарландыру

«Ұлағат» ЖШС үйлестіруші қызметінің бос орнына конкурс жариялайды. Конкурсқа жасы 30-дан 40-қа дейінгі жоғары білімі бар, қазақ, ағылшын, түрік тілдерін жетік білетін, компьютерде жұмыс істей алатын мамандар қатыса алады. Конкурс мерзімі – 1 ай. Конкурсқа қатысу үшін мынандай құжаттар керек: жеке іс парағы, 4 фотосурет, жоғары білімі туралы дипломның көшірмесі, өмірбаян, түйіндеме, төлқұжат.

Мына мекенжайға хабарласыңыздар:

*Атырау қаласы, Құлманов көшесі, 48-үй, 67-кеңсе,
телефоны: 8-31133-31824.*

2) Мәдени іс-шаралар туралы хабарландыру

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ертең, 15 желтоқсан күні, мәжіліс залында Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік кеш өткізіледі.

Салтанатты кештің басталуы – 16.00

Әкімшілік

1-тапсырма. Шашылған сөздер мен сөз тіркестерін ретімен орналастырып, хабарландыру мәтінін құрастырыңыздар. Хабарландырудың түрін анықтаңыздар.

«Трансэнергомет», 1 бос, орны, қызмет, кәсіптік техникалық білім, жоғары, біліктілік, ЖШС, басқару (менеджмент) саласында, мына маманды, жұмыс өтілі, талаптары, атқарушы директор, жұмысқа қабылдайды, басшылық қызметтердегі, 10 жылдан кем емес, қосымша білімнің, мүмкіндігінше, бар болуы.

Тел. (3272) 72-90-22

2-тапсырма. Төменде берілген сөз тіркестерін аударыңыздар.

Бос қызмет орны, мекеменің мекенжайы, конкурсқа қатысу, жылжымайтын мүлік, құжаттар тізімі, қызмет түрлері, үміткерге қойылатын талаптар, конкурс мерзімі, өндіріс жөніндегі менеджер, жеке іс парағы, жұмыс өтілі, техникалық білім, құжаттарды жүргізу.

3-тапсырма. Жағдаят негізінде хабарландыру жазыңыздар.

Сіз Астанадағы «Дентон Уайлд» компаниясының басшысыз. Сіз жуырда ғана Алматы қаласында компания филиалын аштыңыз. Сізге филиалға атқарушы директор лауазымына маман қажет болып тұр. Төменде берілген сілтемелерді пайдаланып, бос қызмет орны туралы хабарландыру жазыңыз.

Сілтемелер:

Жоғары заңдық білім, жетекші ретінде кем дегенде 5 жыл жұмыс тәжірибесі, ағылшын тілін жетік білу, мұнай мен газ саласындағы халықаралық құқықты білу, корпоративтік, банктік, салық құқықтарын білу, электр энергиясы мен табиғи газ бойынша нормативтік-құқықтық актілерді білу

4-тапсырма. Төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1. Хабарландырулармен қайдан танысуға болады?***
- 2. Хабарландырудың қандай түрлерін білесіз?***
- 3. Бос қызмет орны туралы хабарландыру қандай тәртіппен беріледі?***
- 4. Сіз қандай хабарландыруды жиі оқисыз?***
- 5. Хабарландыру қандай мақсаттарда жазылады?***
- 6. Хабарландыру құжаттың қай түріне жатады?***